

13.06.2019-ғы № 25-4-12/Д-453

ШЫҒЫС ХАТЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15 кіреберіс
Тел.: 8 (7172) 74-11-73, 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz



**МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ
И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, город Нур-Султан, Дом Министерств
пр. Мәңгілік Ел, 8, 15 подъезд
Тел.: 8 (7172) 74-11-73, 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

№ _____

*2019 жылғы 15 мамырдағы
№ ДС-86 депутаттық сауалға*

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары
«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері
К.И. Мұсырманға
О.Н. Өксікбаевқа
Ә.Е. Бектұрғановқа
Ф.Ә. Қаратаевқа**

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын ақпараттық сүйемелдеуге қатысты жоғарыда аталған депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Министрлік тарапы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарына ақпараттық қолдау көрсетуде. Оның ішінде телеарналарда «Рухани жаңғыру» мақаласын ақпараттық сүйемелдеу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен, 2017-2018 жылдарға арналған мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында 10 телесериал, 76 деректі фильм, 64 бейнеролик, 403 бағдарламалар шығарылымы ұйымдастырылды және орналастырылды.

Атап айтқанда, келесі сериалдардың өндірілімі қамтамасыз етілді:

- «КТК» телеарнасында туған жер мен оның тұрғындары туралы «Туған жер» сериалы, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетін, ұлттық кодты сақтауға бағытталған «Көріпкел» сериалы;
- «НТК» телеарнасында Қазақстан тарихын танымалдандыруға бағытталған «Телепорт» сериалы;
- «МИР» телеарнасында қазақ халқының мәдени құндылықтарын насихаттауға бағытталған «Оралу» сериалы және басқа да;

Мемлекеттік тапсырыс аясында тарихи «Кейкі мерген», ауыл өмірі туралы «Топыраққа тамған жер» сериалы, отбасылық және мәдени құндылықтар туралы

«Күй ғұмыр» сериалы («Qazaqstan»), белгілі жазушы мен оның шығармашылығы туралы «Қаламгер» сериалы («Хабар»).

«Хабар» телеарнасында «Бабалар ізімен», «Ұлы дала өркениеті» бағдарламалары, «Хабар 24» телеарнасында «Art Global», «Культивояж» бағдарламалары, «Kazakh TV» телеарнасында «Бабалар ізімен», «Көшпенділер», «Дала әуені», «Ұлы дала құпиялары», «Киелі мекен», «Көшпенділер мектебі» бағдарламалары ұйымдастырылды.

Тұрақты түрде арнайы жобалар мен деректі фильмдер көрсетілуде: «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері», «Күй құдіреті» («Ел арна»), «Қазақстан: дала аңыздары», «Халық қазынасы. Журналистік зерттеу», «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» («Хабар»), «Қазақстанның қазба байлықтары» («Qazaqstan») және т.б.

«Ел арна» телеарнасында тұрақты түрде тележурналдар мен «Алтын қор» мұрағатындағы фильмдер көрсетіліп отыр.

Алдағы уақытта мақала бойынша мемлекеттік телеарналарда «Рухани жаңғыру: екі жылдық асу», «Кең Байтақ Қазақ Елі» деректі фильмдерін, «Орбұлақ шайқасы» сериалын дайындау және орналастыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту мақаласын жүзеге асыру үшін еліміздің барлық өңірлерінен 2500 астам қатысушыны қамтыған кадрларды дайындау» тақырыбында 80 семинар-тренинг өткізілді. Аталған шараға 18 лектор: Н. Утешев, З. Биюмбаева, Е. Абил, А. Джалдинов, Н. Шахмет, И. Виговская, Л. Асылбекова, Н. Калашникова, С. Нурбек, А. Чеботарев, Р. Рузахунова, А. Алдабергенов, Н. Шанаи, К. Жусупова, А. Алексеенко, К. Казкенов, С. Понамарев, Е. Колесникова тартылды.

Аталған семинар-тренингтерде журналистік этиканы дамыту мәселесі талқыланғандығын атап өтеміз. Алдағы уақытта Министрлік жалпы ақпараттық жұмыстар жүргізу үшін, оның ішінде ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қағидаларын сақтау бойынша БАҚ өкілдеріне арналған семинарлар өткізуді одан әрі жалғастыруды жоспарлауда.

Онымен қоса, ауыл шаруашылығы өнеркәсібін дамыту жұмыстары ақпараттық сүйемелденуде.

Мемлекеттік тапсырыс аясында «Хабар» телеарнасында «Алтын бесік» және «Сана» бағдарламалары хабар таратуда. «Алтын бесік» бағдарламасында туған жеріне тағзым етуді естен шығармай, ауылын көркейтіп, дамытуға атсалысып келе жатқан танымал кәсіпкерлер, эстрада мен спорт жұлдыздары, қоғам қайраткерлері, мәдениет және өнер майталмандары мен өзге де тұлғалар туралы баяндалады. Ал «Сана» бағдарламасында «Рухани жаңғыру» мақаласының барлық бағыттары талқыланады.

«Хабар 24» арнасында «Агробизнес» бағдарламасы екі рет қазақ және орыс тілдерінде көрсетіледі. Мұнда ауыл шаруашылығына қатысты заңдардағы өзгерістер, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу, оны тасымалдау, оның маркетингі мен саудасы сияқты барлық өзекті мәселелер көтеріледі.

Өз кезегінде, «Агро-Қазақстан» бағдарламасына қатысты бастапқы келісім бойынша жобаны «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қолдап, кейін хабардың бірнеше саны эфирге шыққаннан соң аталған қор демеушілектен

бас тартқанын атап өтеміз. Тиісінше, өндіруші компания «Агро-Қазақстан» бағдарламасын әзірлеуден бас тартты.


2019 жылға арналған мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында да «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық ілгерілету үшін тиісті жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Сонымен, «Астана» телеарнасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттары бойынша «Ruh.kz» шығарылымдық бағдарлама шығуда. Аталған телеарна тарапы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары туралы 23 деректі фильм дайындауды жоспарлауда.


Сонымен қатар, Министрлік мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында 29 деректі фильм, 200 ролик түсіру, 90 шығарылымдық бағдарлама топтамасын жүзеге асыру мәселесін пысықтауда.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Министрлік тарапы осы бағыттағы жұмысты жалғастыратын болады.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Н. Мауберлинова

 А. Темиров

 74-04-69

 A.Temirov@mic.gov.kz



БҮЙРЫҚ

№ СС 4019 № 43-1

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

г.н.н. Нұр-Сұлтан

Іссапарға жіберу туралы

Бішкек қаласында (Қырғыз Республикасы) өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 19-шы отырысына қатысу мақсатында 2019 жылғы 13-15 маусым аралығында Бішкек қаласына (Қырғыз Республикасы) іссапарға жүруіме байланысты **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Іссапар кезінде Министрдің міндеттерін атқаруды Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Нұргүл Өсербайқызы Мауберлиноваға жүктеймін.

2. «Алматы – Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша әуе көлігімен жол жүру, тәулікақы (1 күн), тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар (1 күн) шығыстар Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қаражаты есебінен, Бішкек қаласында тәулікақы және тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар 005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы арқылы өтеледі.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Ж. Омарбекованың 2019 жылғы 10 маусымдағы № С-432 қызметтік жазбасы.

Министр



Д. Абаев